



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

17.02.2023 жыл

№ 22, 4-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық комитеті мен Атқару комитетінің 2021-2022 жылдары қабылданған қаулыларының орындалу барысы туралы

Кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбиеваның ақпаратын тыңдап, талқылай келе атап өтеді:

2021-2022 жж Кәсіподақтың Орталық Комитетінің 3 отырысы, Атқару комитетінің 13 отырысы өткізіліп, оларда салалық кәсіподақ және мүшелік ұйымдар қызметінің негізгі бағыттары бойынша 80-нен астам қаулы қаралып, қабылданды.

Қабылданған шешімдер мен ұсынымдар Кәсіподақтың негізгі жарғылық міндетін – кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін білдіру мен қорғауды орындауға, кәсіподақ қозғалысын одан әрі дамыту мен нығайтуға бағытталған.

Кәсіподақтың алқалы органдарының шешімдерінің басым бөлігі уақытылы және толық көлемде орындалады.

Бұл ретте, барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының жұмысын талдау, жоспарлы кешенді және тақырыптарға сәйкес тексерулер Кәсіподақтың уәкілетті органы – Орталық Комитеттің және атқарушы органы – Атқару комитетінің жеке тапсырмалары мен қаулыларының толық, әрі тиісті деңгейде орындалмағанын көрсетеді. Тиісті тапсырмаларды орындау мерзімдерін бұзу фактілері бар.

Келесі мүшелік ұйымдарда жұмыс жасайтын кәсіподақ мүшелерінің саны әртүрлі себептермен азайып жатқаны байқалады: Қарағанды – 4249, Ұлытау – 3332, Атырау – 1628, Жамбыл – 1473, Ақмола – 1156, Маңғыстау – 1037 (облыстары).

Орталық комитеттің 2022 жылғы 22 ақпандағы қаулысына сәйкес кәсіподақ органдарына еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жандандыру тапсырылды. Бұл саладағы жұмыстар Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия бекіткен Еңбекті қорғау салалық басқару жүйесіне сәйкес

жүргізілуі керек. Өкінішке қарай, статистикалық ақпаратқа сәйкес бұл бағыттағы жұмыстар тиісті деңгейде орындалмай келеді. Өткен жылдың өзінде өндірістік жарақат алғандардың саны 33 адамды құрады, оның ішінде 10 адам ауыр жағдайда, 3 жағдай өліммен аяқталды.

Жекелей мүшелік ұйымдарда еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, қызметкерлерді құқықтық қорғаудың тиімділігі төмен күйінде қалып отыр.

Ақпараттық жұмысты одан әрі жетілдіру, салалық кәсіподақта бірыңғай ақпараттық жүйе құру, заманауи технологияларды енгізу және кәсіподақтың сайты мен әлеуметтік желілерін белсенді пайдалану шаралары туралы мәселені қарауда немқұрайлы көзқарас пен формализм басым. Facebook парақшасы мен Кәсіподақ сайтындағы талдамалық ақпаратқа сәйкес материалдардың төмен деңгейі келесі ұйымдарда: Ақмола, Қостанай («Қорғау») облыстық, Астана қ., Алматы қ. «Ұстаз», Шымкент қалалық ұйымдары.

Салалық Кәсіподақтың басқару органдарының шешімдерін тиісті деңгейде орындамау Кәсіподақ жұмысының тиімділігін төмендетеді және Кәсіподақтың имиджіне елеулі нұқсан келтіреді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Салалық кәсіподақтың кәсіподақ органдары мен ұйымдары Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының 2019-2024 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру бойынша мақсатты жұмысты жалғастырсын.

2. Мүшелік ұйымдардың басқару органдары кәсіподақ ұйымдарын ұйымдастырушылық тұрғыдан нығайтуға күш салсын, кәсіподақ мүшелігін ынталандыру жөніндегі жұмысты жандандырсын, қабылданған шешімдердің орындалуы үшін кәсіподақ қызметкерлерінің жауапкершілігін арттырсын.

3. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары еңбек ұжымдарында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жандандырсын. Бұл бағыттағы жұмыстар Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық комиссия бекіткен Еңбекті қорғау салалық басқару жүйесіне сәйкес жүргізілуі керек.

4. Мүшелік ұйымдар ақпараттық жұмысты одан әрі жетілдіру, салалық кәсіподақта бірыңғай ақпараттық жүйе құру, заманауи технологияларды енгізу бойынша шаралар қабылдасын. Ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында жергілікті жерлерде ақпараттық жұмыстарды жүргізу және үйлестіру үшін жауапты қызметкерлер айқындалсын.

Орталық комитет пен мүшелік ұйымдардың қызметі туралы білім және ғылым саласы қызметкерлерін үнемі және жан-жақты хабардар ету мақсатында салалық кәсіподақ сайты, кәсіподақтың Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін белсенді пайдалануды қамтамасыз етсін.

5. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары құжат айналымы процесін цифрлық жүйеге көшіруді жеделдетсін.

6. Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппараты Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Орталық комитеті мен Атқару комитеті шешімдерінің орындалуына тұрақты түрде мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін.

Төраға



А.Мұқашева